

«БЕКІТЕМН»
«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» КЕАК
Омбы қаласындағы
филиалының директоры
Нурдинова Ж.Т.
«10» маусым 2025 г.

**Бакалавриаттың білім беру бағдарламаларына
ақылы негізде шетелдік азаматтар үшін
«Филология» факультетіне
қабылдау емтиханының бағдарламасы
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Омбы қаласының филиалы**

1. Жалпы ережелер

1.1. Бағдарлама Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандығы №600 бұйрығына сәйкес әзірленді «Жоғары және жоғарыдан кейінгі білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру үйымдарына қабылдау ережелерін бекіту туралы» (бұдан әрі – Үлгілік ережелер).

1.2. Қабылдау емтихандары сұхбат форматында келесі білім беру бағдарламалары бойынша өткізіледі:

45.03.01 – Филология

6B01701- Қазақ тілі мен әдебиеті

1.3. Шетелдік үміткерлердің қабылдау емтихандарын үйымдастыру және өткізу мақсатында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректорының шешімімен емтихан комиссиясы құрылады.

Комиссия құрамына халықаралық ынтымақтастық және рекрутинг департаментінің қызметкерлері (бұдан әрі- ХЫРД) мен ҚазҰУ профессор-окытушылар құрамы кіреді.

1.4. Егер шетелдік үміткер жоғарыда аталған талаптарға сәйкес келсе де, университетке келіп, сұхбаттан өте алмаса, ол онлайн форматта өту мүмкіндігіне ие.

1.5. Шетелдік үміткерлерге арналған қабылдау емтихандары ауызша (сұхбат түрінде) өткізіледі және 100 баллдық жүйемен бағаланады. Ақылы негізде окуға қабылдау үшін кемінде 65 балл жинау қажет.

1.6. Қабылдау емтиханының корытындысы бойынша бекітілген үлгіде сұхбат хаттамасы толтырылады. Хаттамаға «Salem office» жүйесі арқылы төраға және комиссияның барлық мүшелері қол қояды және ХЫРД-ға беріледі.

1.7. Қабылдау туралы шешім шетелдік үміткерлерді қабылдау конкурстық комиссиясында қаралады және «Salem office» жүйесі арқылы хаттамаға тіркеледі. Қабылдау емтиханының нәтижелері емтихан өткізілген күні жарияланады.

1.8. Қабылдау емтиханын қайта тапсыруға рұқсат жоқ.

1.9. Сұхбат нәтижесіне қатысты апелляция емтихан өткеннен кейін 24 сағат ішінде қаралады.

2025 жылғы қабылдау емтиханын өткізу

2.1. Сұхбат орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде жүргізіледі. Ауызша сұхбатта оқу қабілетін, шығармашылық белсенділігін, сынни ойлауын, тұлғалық қасиеттерін ашуға бағытталған сұрақтар қойылады.

Сұхбат тақырыптарының үлгісі:

1. Отбасы. Отбасы мүшелері және туыстар. Отбасылық дәстүрлер мен мерекелер.
2. Мектеп, достар, оқу, сүйікті пәндер.
3. Бос уақыт, қызығушылықтар, хобби мен ойын-сауық.
4. Мамандық таңдау.
5. Интернет: пайдалы мен зияны.
6. «Мен қай жерде дүниеге келдім»: менің қалам: табигаты, көрікті жерлері, адамдары.
7. Менің елім: географиялық орналасуы, табигаты, экономикасы, халқы.
8. Қазақстан туралы не білемін. Қазақстанда оқығым келеді, өйткені...
9. Кино/теледидар.
10. Кітаптар: оқу керек пе, жоқ па...
11. Климат, мезгілдер, ауа райы, табигаттың жағдайы.
12. Денсаулық жағдайы. Емдеу.
13. Тамақтану: пайдалы және зиянды тағамдар.
14. Қызмет көрсету саласы: дүкен, пошта, қогамдық тамақтану.
15. Көлік.
16. Саяхаттар.
17. Мұражайлар, театрлар.
18. Университет. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ туралы не білемін.
19. Сатып алулар. Мода. Дүкен, супермаркет, базар. Бағалар.
20. Мерекелер. Сыйлыктар. Құттықтаулар.

Бірінші деңгейдегі сұрақтар:

1. Отбасыңызда қанша адам бар? Олар немен айналысады?
2. Досыңыз қандай фильмдерді ұнатады? Соңғы рет қашан кинотеатрга бардыңыз? Қандай фильм көрдіңіз? Фильм не туралы?
3. Сіз қалада ма, ауылда ма тұрасыз? Қыста сіздің қалаңызда ауа райы қандай? Сіз коньки тебе аласыз ба?
4. Сіз кітап оқығанды ұнатасыз ба? Әдебиет пәнінің мұғалімі сізге қандай кітаптар оқуға кенес берді? Оқып шықтыңыз ба? Қай кітап ұнамады?
5. Қандай көлік тұрларін білесіз? Қайсысы ең ыңғайлы?
6. Сіздің еліңізде қандай тағамдар дайындалады? Ең сүйікті тағамыңыз қандай? Сізше, ол тағам денсаулыққа пайдалы ма? Қандай тағамдар пайдалы, ал қандайлары зиянды?
7. Сіздің ел астанасында қандай театрлар мен мұражайлар бар? Солардың қайсысында болдыңыз?
8. Сіздің еліңізде қандай мерекелер атальп өтеді? Ең сүйікті мерекеніз қандай? Оны қалай атап өтеді? Сол күні сыйлық беру дәстүрі бар ма?
9. Сіз әдетте азық-түлікті қайдан сатып аласыз? Сіздің еліңізде азық-түлік бағасы Қазақстанмен салыстырғанда қымбат па, арзан ба? Киімді қай дүкендерден сатып алуға болады? Ал аяқ-киімді ше?
10. Жексенбі күні сіздің қалаңызда қайда баруға болады? Қандай демалыс орындары бар?

Екінші деңгейдегі сұрақтар:

1. Ата-анаңыз немен айналысады? Үйде олардың жұмысы туралы сөйлесесіздер ме? Сіз оларға үй шаруасында көмектесесіз бе? Ал олар сіздің окуыңызға көмектесе ме?
2. Бос уақытыңызда немен айналысасыз? Қызығушылықтарыңыз бар ма? Қандай?
3. Сіздің ойыңызша, барлық адам киноны ұната ма? Сіз кино көргенді ұнатастыңыз ба? Киноны қай жерде көрген ыңғайлы: кинотеатрда, теледидардан, әлде интернеттен бе? Сүйікті фильміңіз немесе сериалыңыз бар ма? Соңғы уақытта қандай фильм көрдіңіз?
4. Фильм көретін немесе кітап оқитын кезде қалай таңдау жасайсыз? Кімнің кеңесі сіз үшін маңызды?
5. Сіз теледидардан қандай бағдарламаларды көргенді ұнатастыңыз: денсаулық, саясат, спорт, музика, әзіл-қалжың? Неліктен?
6. Сіз саяхаттауды ұнатастыңыз ба? Қай елге барғыңыз келеді? Ол ел туралы не білесіз? Не білгіңіз келеді?
7. Сіз табиғатты жақсы көресіз бе? Теңізді ше? Тауларды? Даңаны? Шөлді? Қай жыл мезгілі сізге көбірек ұнайды? Неліктен?
8. Егер сізге өз қалаңыздан (ауылыңыздан) Алматыға бару керек болса, қай көлік түрін таңдайсыз? Сіз үшін не маңызды: арзандығы ма, әлде жылдамдығы ма?
9. Сіздің ойыңызша, тамақ қайда дәмдірек: үйде ме, әлде жақсы мейрамханада ма? Сіз тамақ дайындағы аласыз ба? Қандай тағамдарды ұнатастыңыз? Ет пе, әлде көкөніс пе?
10. Сіз бауырларыңызды туган күнімен орыс тілінде құттықтайсыз. Не деп айтасыз? Не тілейсіз?

Үшінші деңгейдегі сұрақтар:

1. Неліктен сіз осы мамандықты таңдадыңыз? Бұл таңдауыңызға кім әсер етті?
2. Неліктен сіз дәл Қазақстанда оқығыңыз келді? Қазақстан туралы не білесіз? Қазақстанның қай қаласында халық ең көп? Сіздің еліңіздің астанасында қанша адам тұрады?
3. Ғаламтор желісі сізге окуга көмектесе ме, әлде кедергі келтіре ме? Әлеуметтік желілерде қанша уақыт өткізесіз? Ғаламтор желісі сіздің дамуыңызға көмектесе ала ма?
4. Неліктен Қазақстанда оқығыңыз келді? Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ туралы сізге кім кеңес берді? Қай факультетті таңдадыңыз және неге?
5. Сіздің еліңіз қай жерде орналасқан? Елде қандай зауыттар мен фабрикалар бар? Ауыл шаруашылығы дамып жатыр ма? Қандай қалалар ең ірі?
6. Сіздің еліңіз басқа елдерден не сатып алады және не сатады? Қай тауарларыңызды сатып алуға кеңес берер едіңіз? Еліңіздегі ең дәмді көкөністер мен жемістер қандай?
7. Сізге көбірек не ұнайды: сыйлық жасау ма, әлде сыйлық алу ма? Тұған күніңізге қандай сыйлық алғыңыз келді? Сіздің елде тұған күнді атап өте ме? Сыйлықты қалай таңдайсыз?
8. Сіз коронавируска қарсы екпе алдыңыз ба? Екпелер қауіпті деп ойлайсыз ба? Сіздің еліңізде екпе салына ма?
9. Сіздің еліңізде медицина ақылы ма, әлде тегін бе? Медициналық университеттер саны қанша?
10. Сіздің еліңізде қандай жерлерді міндетті түрде көруге кеңес бересіз? Неліктен?

Дайындыққа ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Богданова О.Ю., Леонов С.А., Чертов В.Ф. Методика преподавания литературы. - М.: Академ А, 2020
2. Ланин Б.А. Методика преподавания литературы: учебная хрестоматия: учебное пособие. Москва. Юрайт. 2021.
3. История русской литературы XX-XXI вв. Под. общей ред. Мескина В.А. М., Юрайт, 2020
4. Современные образовательные технологии. Под ред. Е.Н. Ашаниной. Москва. Юрайт. 2021
5. Сомова Л.А. Методика обучения литературе: особенности художественной коммуникации : электронное учеб. пособие / Л.А. Сомова. – Тольятти : Изд-во ТГУ, 2015
6. Тарланов Е.З. Основы теории литературы. Анализ поэтического текста. Учебник и практикум для вузов. Москва. Юрайти. 2021
7. Е. Хализев Теория литературы // учебник. М. «Высшая школа», 1999.
8. Крупчанов Л.М. Теория литературы // учебник. Флинта.Наука 2018
9. Анцибор М. М. Активные формы и методы обучения. Тула, 2020.
10. Бесpal'ko B. P. Педагогика и прогрессивные технологии обучения. - M., 2018.
11. Палиевский П. В.: Литература и теория
12. Мещеряков В.П. Введение в литературоведение. Основы теории литературы // M.: Наука, 2015
13. Рыбникова М. А. Очерки по методике литературного чтения . — 3-е изд. — M. : 2018.
14. Spoken English for beginners, A. Gasina.
15. New Headway Elementary, Оксфорд, 2008
16. English Grammar Practice, B.M. Павлоцкий, Т.Тимофеева «Oracle» «Каро», Санкт-Петербург 1999
17. Жаттығулар жинағы, Ю.Голицынский, «КАРО» 2006
18. Essential Grammar in Use. Raymond Murphy, Cambridge University Press 1997
19. English Grammar by M. Ganshina and N. Vasilevskaya
20. English Grammar for secondary school, E. Shubin, Y. Syttel
21. Popular English Grammar, Евгения Некрасова, Москва, 1999

3. Төлем негізінде оқуға түсі үшін шетелдік азаматтарға арналған Филология факультетінің бакалавриат білім бағдарламалары тобы бойынша қабылдау емтиханын бағалау шкаласы мен критерийлері

Ұпай саны	Сәйкестік талаптары
86-100 балл «Өте жақсы»	<p>Барлық құзыреттер игерілген, емтиханға шығарылатын екі теориялық сұраққа толық әрі жанжакты жауап берілген;</p> <p>ғылыми терминология дұрыс қолданылған;</p> <p>негіздеу үшін қажетті барлық белгілер, элементтер, негіздер, классификациялар дұрыс аталған және анықталған;</p> <p>қарастырылып отырған мәселе бойынша ғылыми әдебиетте қабылданған негізгі көзқарастар көрсетілген;</p>

	<p>өз пікірі немесе ұстанымы дәлелденген, бұл саладағы ең маңызды ғылыми-зерттеу мәселелері белгіленген.</p> <p>Практикалық тапсырма барлық қажетті түсініктемелермен дұрыс шешілген.</p>
79-85 балл «Жақсы»	<p>Емтиханға қойылған барлық құзыреттер игерілген. Екі теориялық сұраққа дұрыс жауап берілген, бірақ дайындықта елеусіз кемшіліктер анықталды:</p> <p>ғылыми терминология қолданылады;</p> <p>негіздеу үшін қажетті барлық белгілер, элементтер, классификациялар аталған, бірақ анықтамалар мен ұғымдарда қате бар, дәлел жок;</p> <p>аргументацияда кемшіліктер бар, нақты фактілік немесе терминологиялық қателіктер жіберілген, олар маңызды сипатқа ие емес;</p> <p>осы саладағы мүмкін болатын ғылыми-зерттеу мәселелері туралы ой білдірілген.</p> <p>Практикалық тапсырма жартылай шешілген, қажетті түсініктемелер толық емес.</p>
65-78 балл «Қанағаттанарлық»	<p>Емтиханға қойылған барлық құзыреттер игерілген. Екі теориялық сұраққа дұрыс жауап берілген, бірақ дайындықта маңызды емес кемшіліктер анықталды:</p> <p>қарастырылып отырған құбылысқа қатысты тек кейбір негіздер, белгілер, сипаттамалар аталып, анықталған;</p> <p>елеулі терминологиялық қателіктер жіберілген;</p> <p>өз пікірі білдірілмеген;</p> <p>осы саладағы мүмкін болатын ғылыми-зерттеу мәселелері туралы ой айтылмаған.</p> <p>Практикалық тапсырма шешілмеген.</p>
0-64 балл «Қанағаттанарлықсыз»	<p>Емтиханға қойылатын барлық құзыреттер толық игерілмеген. Екі теориялық сұраққа дұрыс емес жауаптар берілген, дайындықта маңызды кемшіліктер анықталды. Практикалық тапсырма шешілмеген.</p>